

**«Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша бракераждық комиссия
отырысының №3 хаттамасы**

Қатысқандар саны: 8
Қатыспағандар саны: 0

15.02.2023ж

Бракераж комиссиясының төрағасы:
Ж. Серикберген – мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

М. Аншыбай, А. Мұратбек – директордың ТІ жөніндегі орынбасары
Б. Хэнзээбэк - мектеп медбикесі
М. Шибико – ата-аналар комитетінің төрайымы
В.Г. Герцанова, Д.Жетыбаева – әлеуметтік педагог
М. Аманжол – КО төрайымы

Күн тәртібінде:

1. Тағамның оқушылардың физиологиялық талабына сай болуы, тамақтың нормаға сай болуы, күнделікті асхана тазалығын қадағалау.
2. Асхананың санитарлық жағдайы

Тыңдалды:

Дайын өнім бракеражы туралы «Азат ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің әлеуметтік педагогы В.Герцанова сөз алды:


Асханада тамақтар қатты ыстық күйінде берілмейді, алдын-ала құйылып салқындатылған күйде берілген. Тамақтың сапасы жақсы, нормаға сәйкес. Тағамның дайындалу технологиясы өз дәрежесінде. Дайын өнімдер мен шикі заттар қажетті арнайы орындарда сақтаулы тұрады. Оқушылар сұйық тамақтан гөрі қою тамақтарды жақсы ішеді. Бас аспазшы басына қалпақ киген, яғни ескертуді орындаған. Асхана тағамы оқушылардың физиологиялық талабына сай екенін айтты.

Екінші мәселе жөнінде мектеп медбикесі Б. Хэнзээбэк сөйледі. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза, тазалығы үнемі қадағалануда деді. Жаппай оқыту қоры қаражаты есебінен аз қамтылған отбасы балалары үшін тегін тамақпен 32 оқушы қамтамасыз етілген.







Шешімі:


1. Келетін азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау шарттары мен мерзімдері талапқа сәйкес, тағамдарды жасау технологиясы сақталған, тоңазытқыш технологиялық-құрылғылары істен шықпаған.
2. Тағам оқушылардың физиологиялық талабына сай.

Бракераж комиссиясының төрайымы:

 Ж. Серикберген – мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

  М. Аншыбай, А. Мұратбек – директордың ТІ жөніндегі орынбасары
 Б. Хэнзээбэк - мектеп медбикесі
 М. Шибико – ата-аналар комитетінің төрайымы
 В.Г. Герцанова, Д.Жетыбаева – әлеуметтік педагог
 М. Аманжол – КО төрайымы

Хатшы:  Г. Аманжол